

Рекреациялық ресурстардың сымдылығы келесі нормативтермен анықталады:

- антропогендік салмақ, нормалары әр түрлі табиғи зоналардағы түрлі биогеоценоздарға бағытталған жаяу серуендеу болып табылады. Яғни, табиғи орта жағдайын ластамау мақсатындағы жаяу туризм мен экскурсиялық қызметер жатады.
- жіберілетін(допустимые) салмақ – антропоэкологиялық нормативтер, яғни олардың өзгеріске ұшырауы геожүйенің тұрақтылығының бұзылуына әкеледі, дегенімен бұл адам денсаулығында байқалмайтын ғана өзгеріске ұшыратады.

Табиғи ресурстардың сымдылығымен «рекреациялық әлеует» түсінігі байланысты.

Рекреациялық әлеует – рекреациялық ресурстардың көлемін анықтаудағы нақты және мүмкін болатын туристердің саны арасындағы қатынас.

Туристік ресурстар ұлттық байлық болып табылады. Дегенімен олардың маңызды бір бөлігіне әлемдік маңызы бар ескерткіштер мен объектілері жатқызылған. Мұндай тізімдерді ЮНЕСКО орнатып, жыл сайын жаңартылып отырады.

Мақсатына қарай саяхатта әртүрлі табиғи ресурстар қарастырылуы мүмкін.

Туристік территория немесе акватория – бағалы туристік ресурстар контрацепциясының географиялық анықталған орны – кешенді туристік ресурс түрі.

Жоғарыда аталғандарға қорытынды жасай келе, ғылымда жиі қолданылатын туристік ресурстар дефинициін қарастырамыз.

Туристік ресурстар – туризм мақсатында және үрдісінде адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, табиғи-климаттық, әлеуметтік-мәдени, тарихи, архитектуралық және археологиялық, ғылыми және өндірістік және т.б.объектілер мен көріністер.

Туристік ресурстар – туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып, физикалық күштің қалыптасып, дамуын қамтамасыз ететін туристік объектінің көрсетілімдерін қамтитын табиғи, тарихи және әлеуметтік-мәдени объектілер.

Туристік ресурс кадастрда көрінеді. Туристік ресурстар кадастры туристік ресурстардың жалпы (экономикалық және экологиялық) тұтынушылар бағасын ұсынады. Кадастр міндетті түрде жергілікті және тематикалық формада ұсынылады.

Сонымен бірге басқа да рекреациялық және туристік ресурстардың түрлері бар. Өз кезегінде жұмыс барысында ресурстардың табиғи емдік және туристік ақпараттық деген түрлерін бөліп қарастырамыз.

Табиғи емдік ресурстар болып қолдануды және қорғауды қажет ететін ерекше қорғалатын табиғи объектілер мен территорияларға жататын, халықтың демалуы мен емделуіне бағытталған рекреациялық ресурстар табылады.

Туристік ақпараттық ресурстарға өз кезегінде сол елге немесе жерге келген туристің алған территория жөнінде ақпараттары, олардың тарихы, мәдениеті, табиғаты мен адамдары болып табылады.

Әдебиеттер

1. А.С. Кусков, В.Л. Голубаев, Т.Н. Одинцова. Рекреационная география. М.: МПСИ, Флинта, 2005.
2. Зорин И.В., Каверина Т.П., Квартальнов В.А. Туризм как вид деятельности. М.: Финансы и статистика. 2005.

**Тусупбаева Б.С. аға оқытушы - (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Жақсыбаев Қ.Р. э.ғ.к., доцент (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Тастанай Ә.С. студент (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ САЛАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Энергия үнемдеу - энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану және жаңартылатын энергияның коммерциялық өндіріске бағытталған құқықтық,

ұйымдастырушылық, ғылыми, өндірістік, техникалық және экономикалық іс-шараларды іске асыру болып табылады. Энергия үнемдеу шаралары дамытудың экономикалық және экологиялық аспектілері туралы оң әсер етеді. Энергия үнемдеу - табиғи ресурстарды сақтау үшін маңызды міндет.

Қазіргі уақытта энергия үнемдеу және осы саладағы зерттеулер ғылыми дәрежеге ие. Қазақстанда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру шаруашылықтың барлық салаларында қазіргі уақытта энергетикалық, экологиялық және экономикалық проблемалар кешенін шешетін басым міндеттр болып табылады. Осы міндетті шешпей елдің дамуын ұстау мүмкін емес.

Мемлекет басшысы энергия үнемдеу саласында жалпы ішкі өнімді үнемдеуді 2015 жылға қарай 10%-ға, 2020 жылға қарай 25%-ға төмендету бойынша міндетті алға қойды.

Энергия үнемдеу саясатын жүргізу үшін негіз қолданыстағы нормативтік база болып табылады. ҚР Президенті 2012 жылғы 13 қаңтарда «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» және Кейбір заңнамалық актілерге энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдарына қол қойды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы №1404 қаулымен «ҚР энергия тиімділігін арттырудың 2012-2015 жылдарға арналған кешенді жоспары» бекітілді. Бұл өз кезегінде Заңдар, НҚА және нормативтер арқылы ынталандыру шаралар кешені.

Өнеркәсіп барлық электр энергияның 70% жоғары тұтынатындығын атап өту қажет. Кешенді жоспар шеңберінде олардың 50/50 (50% қаржыландыру – бұл кәсіпорынның меншікті қаражаты, қалған 50% - бұл мемлекеттік бюджет) энергия аудиті жүргізілді. Энергия аудиті қорытындылары бойынша электр энергетиканы қоса алғанда, өнеркәсіптің энергияны қажетсінуін төмендету үшін жүйелік шаралар өңделді.

Қоғамдық дамудың объективті заңдылығына еңбектің энергиямен қамтамасыз етілуінің жүйелік өсуі жатады. Сондықтан ғылыми-техникалық прогресс қоғамдық өндірістің энергетикалық тиімділігін арттыруға және энергияны үнемдеуге бағытталған. Энергияны үнемдеуді екі аспект бойынша қарау керек. Бірінші аспект өндірілетін өнімге немесе ұлттық кіріске, органикалық және ядролық отындарды үнемдеуге, электр және жылу энергияларына жұмсалатын отын мен энергияның физикалық көлемінің төмендеуінен тұрады. Ал екінші энергия үнемдеу аспектісіне энергетикалық өндіріс пен энергетикалық баланс құрылымын толық жетілдіру есебінде экономикалық тиімділіктің табысты болу үшін энергетикалық шарушылық көлемінде қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асыру және еңбек ресурстарының энергиялары немесе қымбат және тапшы материалдардың орнын толтыратын іс-шаралар жатады. Энергия үнемдеу саласы халық шаруашылығының тиімділігін арттыру құралдарының құрамына тиімділігі жоғары және ірі масштабты қымбат энергоресурстардың орнын толтыру мақсатындағы негізгі іс-шаралар жатады. Энергия үнемдеу саласы энергия тұтынуды арттыру мақсатындағы барлық кешенді қамтиды, ол энергия сыйымдылығын азайту бөлігінде қандай болса, энергия тұтыну құрылымында да сондай дәрежеде болады.

Қазақстандағы энергияны үнемдеу саласының негізгі тапсырмалары:

- энергия сұранысын тұрақтандыратын және төмендететін, энергия үнемдеу процесінің бағыты бойынша басқарудың нарықтық механизмінің өңделуі;
- Қазақстан Республикасының энергияны үнемдеуді жетілдірге бағытталған құқықтық кешен мен заңды актілердің тіркелуі;
- тұтынылатын энергияның құралдарынәсептеу және реттеу құрылғыларын тездетіп шығару;
- технологиялық процестердің энергетикалық сипаттамасын өңдеу және бекіту, тұрмыстық техниканың, ғимараттардың және құрылыстардың энергетикалық көрсеткіштеріне арнайы өлшеу шамаларын енгізу;

- ғылыми техникалық жоспар мен тұрғындарға арналған ғылыми бағдарламалар бойынша ақпараттық-жарнамалық ұйымдар;
- жұмсақ көпіршіктер мен энергия тасушыларға арналған тарифтерді өңдеу және қолдану;
- демонстрациялық энергия тиімді жопарларды, үлгілерді, қондырғыларды өңдеу және жасап шығару;
- энергия үнемдеу процесімен басқарудың құрылымдық органдарын құру,
- белгілі бір саланың, ұйымның, өндіріс орнының, цехтың энергия сыйымдылығының өсімін немесе төмендету мерзімін анықтау;
- арнайы бюджеттен тыс "Энергия үнемдеу" фондын құру.

Әдебиеттер

1. В.М. Фокин, «Основы энергосбережения и энергоаудита» -М.: «Издательство Машиностроение-1», 2006. -б 256.
2. Ю.В. Копытов, «Экономия энергии в промышленности: Справочное пособие для инженерно-технических работников»-М.: Энергоатомиздат, 1983. - б 208.
3. О.Л. Данилова «Энергосбережение в теплотехнике и теплотехнологиях» -М., «МЭИ», -б. 188.

**Жарылқасын Д.К., «Мемлекеттік және жергілікті басқару»
мамандығының магистранты
Ғылыми жетекші: Давлетбаева Н.Б., э.ғ.к., доцент (ҚарМТУ)**

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА КӨШУДІҢ ИНДУСТРИАЛДЫ - ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУҒА ӘСЕРІ

Қазіргі таңда экологиялық қауіпсіздік ең басты мәселелердің бірі болып табылады. Осыған орай, «Жасыл экономикаға» көшу әлем елдерінің басты мақсаты болып тұр. Себебі, мұндай экономика табиғи ресурстарды тиімді пайдалану арқылы қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, яғни, бұл қалдықтарды қайта өңдеу, экологиялық таза технологияларды қолдану, табиғи қор, су, жылу, энергия ресурстарын тиімді пайдалану болып саналады.

Бүгінде қоғамда «жасыл экономика» ұғымы өзекті тақырыптың бірі. Өйткені, қазіргі кезде әлемдік өндірістік-өнеркәсіптік жүйе табиғи ресурстарды өте белсенді және жөнсіз түрде пайдалануға негізделген. Егер алдағы уақытта осындай қарқынмен жалғаса беретін болса, онда болашақ ұрпаққа әлдеқайда қиын заман болмақ. Экологиялық қауіп-қатермен қоса, экономикалық тұрақсыздық туындауы әбден мүмкін.

Экономикасы өсіп келе жатқан Қазақстан үшін қоршаған орта мәселесі жыл өткен сайын маңызды болуда.

Өкінішке орай, елімізде ХХ ғасырдағы индустриалдық даму ешқандай экологиялық талаптар мен нормаларға сай жүргізілмеді және табиғатты қайта қалпына келтіру жұмыстары да жүргізілмеген. Металлургиялық және химиялық өнеркәсіптер, мұнай мен газ өндіруші компаниялар жыл сайын елдегі экологиялық жағдайды қиындатуда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы негізінде Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдамасы жасалған болатын. Осы тұжырымдама негізінде «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі төмендегідей басым міндеттер қойылған:

- ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру;
- қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;
- қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын арттыру;
- ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін арттыру болып табылады.